

Бекітемін: _____
«Ерке» жеке бөбекжай
директоры

Келісемін: _____
«Ерке» жеке бөбекжай
әдіскері:

**2025-2026 оқу жылына арналған «БОТАҚАН» ересек тобының
ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жылдық жоспары**

Түсінік хат

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;
- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 ж 24 маусымдағы № 7 хаттамасы).

Айы	Ұйымдас- тырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс – әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	-балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық,тепе-тендікті сақтау, икемділік; -негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; - түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; - жүру мен жүгіруде, секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде 1) жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, қысқа және алшақ адымдап жүру. Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, "жыланша" ирелеңдеп жүру, бытырап, қосымша қадаммен алға, шет жағына жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіріп, бағытты, қарқынды өзгертіп жүру. Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында әртүрлі таныс дене жаттығуларын орындау. Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың доптармен, құрсаулармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру.Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.Мәдени-гигиеналық дағдылар.Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату.Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану. Күтілетін нәтиже:өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді;жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді;
	Тіл дамыту	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Күтілетін нәтиже: Дауысты, дауыссыз, үнді және ызың дыбыстарды анық, дұрыс айтады. Фонематикалық есту қабілеті дамиды; дыбыстарды ажыратады.
	Көркем әдебиет	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Көркем шығармаларды қызығушылықпен тыңдайды және эмоционалды қабылдай біледі Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға береді, жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажыратады
	Қазақ тілі	1Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым — қатынас сезімдеріне тәрбиелеу.Тілдік дамытушы орта: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету; Өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру, Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу. Балалардың табиғат жайлы ұғымдарын тиянақтау. Табиғатта болатын таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету. Табиғатты сүйуге, аялауға, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.Тілдік дамытушы орта: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Балалардың өз Отанын танып білуге үйрету. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні, Елтаңбасы, Туы туралы білімдерін кеңейту. Отанына деген

		сүйіспеншіліктерін дамытып, патриоттық сезімге тәрбиелеу.Тілдік дамытушы орта: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.
	Математика негіздері	<i>Сан. Санау:</i> Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;Аттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай – ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Әртүрлі түстен өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсіндіру. Күтілетін нәтиже Әртүрлі түс пен өлшемдегі заттардың жиынын ажырата алады және оларды салыстырады.Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша топтастыра алады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуін еқпал ету; Балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы ауа-райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күнтізбесінде белгілеуге үйрету;күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы түсіндіру. Күтілетін нәтиже Отбасы мүшелерін атайды, олармен туыстық қатынасын түсіндіре алады (мысалы: анасы, әкесі, әпкесі, ағасы, әжесі, т.б.). Ауа райын бақылайды, бақылау нәтижесін табиғат күнтізбесінде белгілей алады.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже Қағаз парағын жартысынан бүктей алады, бұрыштары мен қырларын дәл біріктіреді.Қағаз бөліктерін бір-біріне желімдеу дағдылары қалыптасқан.
	Сурет салу	Заттық сурет салу. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Күтілетін нәтиже Қарапайым заттарды (ыдыс, ойыншық, көкөніс, гүл, жануар, т.б.) бейнелеуде өзінің көрген-түйген тәжірибесіне сүйеніп сурет сала алады.Қоршаған ортадағы заттарды эстетикалық тұрғыдан қабылдайды, олардың пішіні мен түсін ажырата алады.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу.Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. Күтілетін нәтиже Ермексаз, сазбалшық немесе тұзды қамыр сияқты материалдарды пайдаланып, заттық бейнелерді мүсіндеу дағдылары қалыптасады
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана .Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау: - музыканы тыңдау мәдениетін сақтау - музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау - музыканың сипатын сезінуге үйрету - вокалдық және хор дағдыларын жетілдіру - жан-жақты музыканы тыңдауға эмоционалды жауап беру Ән айту:- балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету,- әуенді дұрыс,нақты интонациялау, сөздерді дәл айту - сөздердің анық айтылуы- әннің не туралы екенін айта білу.- ән айтуда әртүрлі көңіл-күйді жеткізе білу Музыкалық-ырғақтық қимылдар: - би қимылдарын,ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру марш сипатын ырғақты жүріспен беру,марш екпініне адымдап жүру. - музыканың қимылдық сипатын жеңіл,ырғақты жүгірумен беру. - ырғақты, анық, жігерлі қадамға жету. - марштың айқын, күшті ырғағына сәйкес қимылды жалғастыру - музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау Билер:- әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,- музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. - музыканы мұқият тыңдау - музыкаға сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындау қабілетін дамыту.- музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда ойнау. - түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау. - музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білуге үйрету - ағаш қасықтармен,сылдырмақпен қарапайым әуендерді ойнау. - балаларды музыкалық аспаптарда ойнауға баулу Күтілетін нәтижелер: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды)
Қ	Дене	-Баланың денсаулығын нығайту және сақтауға баулу. - балалардың қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс

тәрбиесі	орындау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; - дене қасиеттерін қалыптастыру: ептілік, қозғалыстарды үйлестіру, шыдамдылық,тепе-теңдікті сақтау, икемділік; - түрлі қимыл біліктері мен дағдылары арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; - секіру мен лақтыруда, қағып алуда, еңбектеу мен өрмелеуде негізгі қимыл түрлерін, жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, - түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу. Жетекшінің ауысуымен, қарқынды жылдамдатып және ақырын жүгіру. Жай қарқында үздіксіз жүгіру; 50–60 метрге жүгіру. 5 метрден 3 рет жүгіру. Түрлі бағытта жүгіру, қағып алып жүгіру; Секіру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру, алға ұмтыла секіру, бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру, аяқты бірге, алшақ қойып, біреуін – алға, екіншісін – артқа қойып, бір орында тұрып секіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру; биіктігі 5–10 см 2–3 заттың үстінен кезектесе секіру; 20–25 см биіктіктен секіру; бір орында тұрып, ұзындыққа 4–6 сызықтың үстінен секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см); Күтілетін нәтиже: Дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс әрекеттерін қызығушылықпен, ынтамен орындайды.Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу сияқты негізгі қимыл түрлерін дұрыс орындай алады.
Тіл дамыту	Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіру.Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту. Күтілетін нәтиже: Тұрмыста қолданылатын заттардың (ыдыс-аяқ, киім-кешек, жиһаз, тазалық құралдары, т.б.) атауын біледі, олардың қолданылу мақсатын түсіндіре алады.
Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауға үйрету.Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналап,ертегі желісін ретімен орындауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Тақпақтар мен өлеңдерді тыңдап, мазмұнын түсінеді, жадында сақтап айтып бере алады. Өлең мазмұнына өз көзқарасын білдіреді, ұнаған жолдарын бөліп айта алады.
Қазақ тілі	Балалардың күз мезгілі, күз мезгіліне тән құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту; диалогтік сөйлеуін дамыту.Байланыстырып сөйлеу: Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін нақтылау, күз мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Күз мезгілінің ерекшеліктерін бағалай білуге табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу. Сөздік қор: Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату.Тағам түрлері, нан туралы білімдерін бекіту. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Байланыстырып сөйлеу: Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Балалардың қыстап қалатын жыл құстары, құстар туралы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қаблеттерін дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Күтілетін нәтиже: Күз мезгіліне тән табиғи құбылыстарды, ауа райының өзгерістерін сипаттай алады (жапырақтардың сарғаюы, жаңбыр жаууы, күн салқындауы, т.б.).Күз мезгіліне тән сөздерді (көкөністер, жемістер, құстар, табиғат құбылыстары) дұрыс түсініп, атау дағдысы қалыптасады.
Математика негіздері	Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға қанша еді? Қаншасы қалды? Күтілетін нәтиже: Заттардың шамасы бойынша әртүрлі болатынын түсінеді, яғни заттар көп, аз, тең болуы мүмкін екенін біледі.Екі жиынды салыстыру арқылы "тең", "артық", "кем" ұғымдарын қолдана алады
Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғат құбылыстары: (жел, жаңбыр, тұман, қар бұршақ, кемпіркосақ, боран) туралы түсіндіріп айту. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасауға, жақын маңайдағы заттарды ажыратып атай білуге үйрету. Таныс емес заттарды қолдану туралы түсіндіру. Қоршаған ортадағы заттардың қолданысы, құрылысы, материалы арасындағы байланысы туралы меңгерту. Күтілетін нәтиже: абиғат құбылыстарын таниды, сипаттайды;Оларға қажетті заттарды (қолшатыр, етік, күртеше т.б.) атай алады
Құрастыру	Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыруға, бөлшектерд ібекіту тәсілдерімен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.Күтілетін нәтиже: Табиғи материалдармен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады;Қарапайым

		бұйымдар (ойыншықтар, үйшіктер, жануар мүсіндері) жасай алады;
	Сурет салу	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстар, ойыншықтар, жануарларды бейнелеуге үйрету. Дөңгелек пішінді заттарды салуға үйрету. Техникалық дағдылар мен біліктерді игеру қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарды бейнелеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Түрлі заттарды бейнелей алады (жеміс, көкөніс, ойыншық, жануар); Дөңгелек пішінді заттарды қағаз бетіне дұрыс орналастырып сала алады;
	Мүсіндеу	Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін мүсіндеуге үйрету. Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу. Таныс заттарды көлеміне, пішініне және бөлшектеріне қарай мүсіндей алады; Күтілетін нәтиже: Екі бөліктен тұратын заттарды (мысалы: дене мен бас, табақ пен тұтқа, доп пен тұғыры) біріктіру тәсілін меңгереді;
	Жапсыру	Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; Күтілетін нәтиже: Күрделі пішіндегі заттар мен жануарларды бейнелей алады (дене бөліктерін дұрыс салып, сипаттай алады); Заттарды қағаз бетіне кеңістікті ескере отырып үйлесімді орналастырады (үстінде/астында, жанында ұғымдары бойынша);
	Музыка	Музыка тыңдау: - халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. - қозғалыстағы еліктелген бейнелердің эмоционалды бейнесі, мимика, дауыс - қарама-қарсы сипаттағы музыканы тыңдау және ажырату - табиғи дауыспен, мәнерлі, кернеусіз, әуенмен ән айту - шығарманың бөліктерін ажырату, музыканың сипатын анықтау. Ән айту: - қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. - әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) - кіріспе, хор, хорды анықтау; - әндердің эмоционалдық сипатын беру - айқайламай табиғи дауыспен ән айту, басқа балалардың әнін тыңдау. Билер: - музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру - би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау - музыкалық тіркестерге сәйкес қимылды өзгерту - көрнекі түрде қабылданатын би қимылдарын қайталау - би қимылдарын, билерді есте сақтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - «Асатаяқ» музыкалық аспабымен таныстыру - музыка ырғағына сай асатаяқта ойнау - музыкалық және шығармашылық белсенділікті дамыту - аспаптың дыбыстарын жоғарылығы бойынша ажырату Күтілетін нәтижелер: Халықтық аспап — домбыраның үнін ажыратып, қабылдайды; Музыканың сипатына қарай (мейірімді/қуанышты, баяу/тез) эмоционалды күйді, мимика мен қимылды сәйкестендіре алады; Қарама-қарсы сипаттағы музыканы (баяу – көңілді, тыныш – шапшаң) тыңдайды және салыстырады;
Қараша	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төментүсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтижелер: Дене дамуы мен қозғалыс дағдылары: Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, лақтыру, қағып алу) дұрыс және сенімді орындайды; Жүгірудің әртүрлі тәсілдерін (тізені көтеріп, шеңбермен, баяу және шапшаң) орындай алады;
	Тіл дамыту	Ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға үйрету. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейтуге үйрету. Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіруге үйрету. Күтілетін нәтижелер: Ызың және үнді (р, л) дыбыстарын дұрыс, анық айта

	алады (мысалы: раушан, арқан, лак, қалау);Қарапайым диалогке қатысып, сұрақ қойып, жауап береді;
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді оқып беру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету. Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Ертегі мазмұнын түсініп, қысқаша айтып бере алады; Кейіпкерлердің әрекетін бағалап, жақсы мен жаманды ажырата алады; Кейіпкерлерге жанашырлық білдіреді, жағымды кейіпкерді таңдай алады;
Қазақ тілі	Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күз сыйдағы адамдар еңбегіне құрмет сезімінде тәрбиелеу. Ырыс, құт- береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Атқаратын қызметі және жүретін ортасына қарай (ауада, жерде, суда) көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көліктердің пайдалы және зиянды жақтары туралы білімдерін дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде тыныс алуды дамыту. Сөздік қор: Тақырыпқа байланысты шағын өлеңдер жаттатқызу. Балаларға жабайы табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Туған өлке туралы түсінік беру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Сөйлеу тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерінің байлығын құрметтеуге тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта: Айналасындағы өзін қоршаған ортадағы оқиғалар туралы ақпарат алу және оларды талқылау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Күтілетін нәтижелер: Байланыстырып сөйлеу; Заттар мен құбылыстарды 4–5 сөйлеммен сипаттай алады; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық жаттығуларды дұрыс орындайды;
Математика негіздері	Балаларға жиын туралы ұғымдарын үйрету. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруға үйрету. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) үйрету. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты бағдарлауға үйрету. Күтілетін нәтиже Жиындағы заттарды санау, салыстыру, «көп – аз», «тең» ұғымдарын түсінеді; – Жиынды құрастыра алады, бір жиыннан екінші жиынға көше алады;
Қоршаған әлеммен таныстыру	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыруға үйрету. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын, атай білуге үйрету. Өзін құрметтеуге, өз қадір қасиетін сезінуге өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтиже Балалар өздерінің аты-жөні, жасы, жынысы туралы ақпаратты дәл және анық айта алады. Өзінің жеке ерекшеліктерін түсініп, өзін құрметтеуге және өз қадір-қасиетін сезінуге үйренеді. Өзіне деген сенімділік пен өзін-өзі бағалауы артады.
Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп құрастыруға үйрету. Шиыршықтап, көлемді пішіндермен түрлі заттар жасауға үйрету. Бұрыштарын және қырларын біріктіруге үйрету. Күтілетін нәтиже Қағазбен жұмыс кезінде оны ортасынан бүктеу, шиыршықтау, иіп, пішін жасау дағдылары қалыптасады; Қағаздан көлемді және жазық пішіндер құрастыра алады (мысалы, үй, гүл, жануар бейнесі);
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуға үйрету. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету. Сопақша салуды үйрету. Құс қанатын салуға үйрету. Күтілетін нәтиже Жеке және бірдей заттарды қайталай отырып, сюжеттік сурет құра алады; Сурет салу барысында заттардың көлеміне байланысты арақатынасын сақтайды (мысалы, үлкен – кіші, жақын – алыс);
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуге үйрету. Кескішті қолдануды үйрету. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды үйрету. Фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Күтілетін нәтиже Бірнеше бөліктен тұратын заттарды біріктіріп мүсіндеуді орындай алады (мысалы, жануар, көлік, адамның мүсіні); Мүсіндеу барысында қысу, тарту, басу тәсілдерін дұрыс қолданады;
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қиюды үйрету. Алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету Күтілетін нәтиже Қайшыны дұрыс ұстап, қауіпсіз әрі тиімді пайдалануды меңгереді; Қағазды түзу сызық бойымен дәл және ұқыпты қиып

Желтоқсан		үйренеді; Қысқа және ұзын жолақтарды ажыратып, оларды ретімен қиып жапсыруды орындайды;
	Музыка	Музыка тыңдау:- әртүрлі сипаттағы,қарқындағы музыканы қабылдау,- музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту - ән айтуда музыканың эмоциясы мен сипатын көрсету- дауыстың қозғалғыштығын дамыту шығарманың бөліктерін ажырату, музыканың сипатын анықтау. Ән айту:- әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету - аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу- дауыстың қозғалғыштығын дамыту - патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, музыканы сезінуге үйрету- айқайламай табиғи дауыспен ән айту, басқа балалардың әнін тыңдауМузыкалық-ырғақтық қимылдар: - қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту - музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау- музыкалық шығарманың табиғатын жеткізу үшін музыкалық-ритмикалық қимылдарды орындау- заттармен би қимылдарын орындау- би қимылдарының атауларын білу Билер: - мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу- музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру- музыканың табиғатына сәйкес қимыл-қозғалыстарды өзгерте білуге үйрету- би дағдыларын дамыту- би қимылдарын,билерді есте сақтау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: сазсырнайда қарапайым әуенді ойнау- қазақтың «домбыра» музыкалық аспабымен таныстыру.- музыкалық аспаптарда бірге ойнау дағдыларын жетілдіру- музыкалық аспаптарда ойнауға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу Күтілетін нәтижие Музыка тыңдау: Музыканы тыңдайды, сипаттайды (қарқыны, көңіл күйі); Ән айту: Әнді таза, анық, мәнерлі орындайды;
	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; -. Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. . Күтілетін нәтижие Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, өрмелеу, еңбектеу) орындайды; Дене сапалары (күш, төзімділік, ептілік, икемділік, жылдамдық) дамыған;
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ақырын жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыруға дағдыландыру.Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтылуын жақсарту.Байланыстырып сөйлеу: Сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтижие Артикуляциялық аппаратын дұрыс пайдаланады (тіл, ерін, тыныс жаттығулары); Дыбыстарды дұрыс және анық айта біледі;Тақпақтар мен жаңылтпаштарды мәнерлеп, анық айта алады;
	Көркем әдебиет	Әңгімелерді, санамақтарды жатқа айтуға үйрету. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтижие Санамақтарды, тақпақтарды, шағын әңгімелерді жатқа айта алады; Тыңдаған ертегі, әңгімелердің мазмұнын қайта айтып бере алады;
	Қазақ тілі	Қоршаған ортаға қызығушылықтарын арттыру. Өз ой – пікірлерін айтып, қуанышымен бөлісуге үйрету. Қыста қандай өзгерістер болатынын балаларға түсіндіру және адамдардың ауа райына байланысты қалай киіну керек екені туралы айту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне

	тән [Ө] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну. Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ө] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Байланыстырып сөйлеу: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу. Жаңа жыл мерекесі жайлы түсінік беру. Балаларды табиғатты сүюге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың сөйдеу дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [К] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Балаларды өзінің отбасына, туыстарына жаңа жыл мерекесі орай өз қолымен сыйлықтар жасап, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [К] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Өзінің отбасындағы мерекелер, қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу. Күтілетін нәтижие Қоршаған ортаны бақылап, өз ойларын жеткізе алады, қуанышын бөліседі; Қыста болатын өзгерістерді сипаттап айтып бере алады, ауа райына сай киіну ережесін біледі; Қазақ тіліне тән [Ө], [К] дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтып үйренеді;
Математика негіздері	<i>Шама:</i> екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау: берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) үйрету. Күтілетін нәтижие Екі қатарда орналасқан заттар тобын сан жағынан салыстыра алады (қай қатарда артық/кем, тең екенін анықтайды); Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, т.б.) көру және сипап сезу арқылы ажырата алады, оларды сипаттайды; Кеңістікте бағдарлай алады: «алға», «артқа», «оңға», «солға», «жоғары», «төмен» бағыттар бойынша қозғалып, тапсырмаларды орындай алады;
Қоршаған әлеммен таныстыру	Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Күтілетін нәтижие Қазақстан Республикасы туралы, оның рәміздері мен мерекелері жайлы қарапайым түсініктерге ие болады; Ауыл мен қаланың айырмашылықтарын ажырата алады; Күнделікті ауа райын бақылай алады, және соған сәйкес қалай киіну керек екенін түсінеді;
Құрастыру	Табиғи материалдан құрастыруға үйрету (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, мата) Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастырға үйрету. Күтілетін нәтижие Табиғи материалдардың түрлерін (мақта, жіп, жүн, мата, қағаз, ағаш, асық, жаңғақ т.б.); Құрастыру барысында қауіпсіздік және ұқыптылық ережелерін; Композиция жасауға қажетті материалдарды сәйкестендіруді.
Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді білуге үйрету Шаршы және дөңгелек салуды үйрету. Табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластырып бояуды үйрету). Күтілетін нәтижие Қарапайым геометриялық пішіндерді (шаршы, дөңгелек) қағаз бетіне дұрыс орналастырып, сала алады; Түстерді өзара араластырып, қажетті реңкті жасай алады (мысалы, аспан көгі, шөптің жасылы); Сюжетті сурет салып, оның мазмұнын айтып бере алады (мысалы, «Ормандағы жануарлар», «Жазғы дала», «Менің отбасым»).
Мүсіндеу	Заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін июге үйрету. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауға қайталап үйрету. Күтілетін нәтижие Жайылған пішіннің жиектерін иіп, толық пішін жасайды; Заттың беткі бөлігін тегістейді Бірнеше бөліктен тұратын қарапайым композиция құрастырады;
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, ой-қиялдарын дамытуды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға үйрету. Дайын пішіндерден құстардың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Күтілетін нәтижие Геометриялық пішіндерді

		(текше, дөнгелек, тікбұрыш) қағаздан қиып алады; Тікбұрыштың бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндер жасай алады; Қағаздан дайын пішіндер (қанат, тұмсық, құйрық) арқылы құс бейнесін құрастырады;
	Музыка	Музыка тыңдау: - балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру - тыңдауға ынталандыру - музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту - балаларды музыка тыңдауға үйрету, сұрақтарға жауап беру Ән айту: - хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту- музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. - балаларды жеңіл дыбыспен ән айта білуге жаттықтыру, тыныс алуын қадағалау - әндерді эмоционалды түрде орындау қабілеті Музыкалық-ырғақтық қимылдар: - би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру - билерді эмоционалды түрде орындау қабілеті. - есте сақтау қабілетінен тәуелсіз музыкалық-ритмикалық қимылдарды орындау қабілетін дамыту - билеу және ойнау дағдыларын дамыту Билер: - жеңіл,ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау - билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану - атрибуттармен би қимылдарын орындау - би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауға қабылдауды үйрету Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.- музыкалық аспаптарда ойнау дағдысы- қазақтың ішекті халық аспаптары туралы білімдерін бекіту - оркестрде ойнауға қызығушылықтарын арттыру Күтілетін нәтижелер: Музыканы зейін қойып тыңдайды, эмоционалды қабылдайды; Музыкалық шығарма туралы сұрақтарға жауап береді (көңіл күйін, сипатын сипаттайды);
Қаңтар	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Күтілетін нәтиже Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, өрмелеу, еңбектеу дағдыларын еркін орындайды; Қос аяқпен бір орында және алға (2–3 м) секіреді, оңға-солға бұрылып секіреді; Сызықтардан, биіктіктен секіру (20–25 см) және ұзындыққа (70 см) секіруді меңгерген;
	Тіл дамыту	Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Күтілетін нәтиже Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айта алады; Дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздерді толық әрі анық сөйлеуге дағыланады;
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу Күтілетін нәтиже Тыңдаған ертегі мен әңгіменің мазмұнын түсінеді, негізгі кейіпкерлерді ажыратады; Ересектердің көмегімен ертегі немесе әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыра алады; Кейіпкерлердің

		әрекеттерін сипаттайды, өз ойын еркін білдіреді;
Қазақ тілі		Балалардың шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын дамыту, қысқы табиғат жайлы ұғымдарын тиянақтау, қысқы орман көрінісін тіршілігін тамашалау арқылы ондағы жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, ұлпа қар, шымыр аяз, боран деген сөздердің мағынасын терең түсіндіру, баланың тілін жетілдіру, дұрыс сөйлеуге баулу.Сөздік қор: Шығарманы жеткізуге оның мазмұны мен сипатына сәкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ү] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Балаларға қар, қардың пайдасы туралы айтып, білімдерін кеңейту. Қардың қай жыл мезгілінде болатынын, не себепті түсі ақ болатынынаытып түсіндіру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ү] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Байланыстырып сөйлеу: Ертегілерді өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Тапсырма беру арқылы балалардың сөздік қорларын байыту, ойлау қабілеттерін арттыру..Қысқы орманға саяхат арқылы жабайы аңдардың атауларын және олардың немен қоректенуі туралы түсініктерін молайту. Ұйымшылдыққа,ұқыптылыққа, шапшаңдыққа үйрету.Тілдік дамытушы орта: Жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ү] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Балаларға құстардың түрлерін соның ішінде қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Балалардың бойында қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін ояту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ү] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Сөздік қор: Қоршаған ортадағы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижие Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:Қазақ тіліне тән [Ү], [Ү] дыбыстарын жеке және сөз ішінде дұрыс, анық айтады;Дұрыс тыныс алу, логикалық екпін, үзіліс, дауыс ырғағын сақтай отырып сөйлеуді меңгереді;Мәнерлеп сөйлеу дағдылары дамиды.
Математика негіздері		Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан- жіңішке сын есімдермен белгілеу.Күтілетін нәтижие Заттарды ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады;Салыстыру барысында «ұзын – қысқа», «енді – енсіз», «биік – аласа», «жуан – жіңішке» сияқты қарама-қарсы сын есімдерді дұрыс қолданады;Заттарды үстіне қою, қасына қою, қатар қою арқылы салыстыру тәсілдерін меңгерген;
Қоршаған әлеммен таныстыру		Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоғамдық орындардағы, қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау)Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Күтілетін нәтижие Әуе, су, жер көліктерін ажыратады, олардың қолдану саласын түсіндіре алады;Арнайы көлік түрлерін (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы, полиция көлігі) таниды және олардың қызметін сипаттай алады;
Құрастыру		Қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. Күтілетін нәтижие Қалдық материалдардың түрлерін (қақпақ, қорап, пластик, кір қыстырғыш, т.б.) танып, оларды құрастыру үшін қолдана алады;Өз таңдауы бойынша материалдарды іріктеп алып, шығармашылық бұйымдар ойлап таба алады (көлік, үй, жануар, т.б. бейнелеу);Көрнекілікке сүйеніп немесе қиялымен жаңа композицияларды өз бетінше құрастырады;

	Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды үйрету. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Күтілетін нәтижие Сурет салуда қылқалам мен қаламды дұрыс ұстайды, олармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді; Сызбалар мен жақпаларды бір бағытта (жоғарыдан төменге, солдан оңға) бояй алады; Пішіннің шеткі сызығынан шықпай, ұқыпты, ырғақты бояйды;
	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйрету. Күтілетін нәтижие Ертегі кейіпкерлері мен қоршаған орта нысандарын (жануарлар, адамдар, өсімдіктер, көлік, т.б.) мүсіндеу арқылы сюжеттік композициялар құра алады; Мүсіндеу барысында қиялын, бақылауын, еске түсіру қабілетін қолдана отырып, кейіпкердің пішінін, қимылын бейнелейді;
	Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеуді үйрету. Күтілетін нәтижие Тар жолақтарды көлденеңінен дұрыс әрі ұқыпты қия алады; Шаршының бұрыштарын қию арқылы жаңа пішіндер (мысалы, дөңгелекке ұқсас) жасауды меңгереді; Ұсақ элементтерді (мысалы, көз, мұрын, гүл жапырақшалары, т.б.) ересектердің көмегімен желімдеуді үйренеді;
	Музыка	Музыка тыңдау: - музыканың сипатын сезінуге үйрету - таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу - музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) - тыңдаған шығарманы талдап, өз пікірін айту. Ән айту: - балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету - әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) - балаларды жоғары және төмен дыбыстармен таныстыру - балалардың дауыс диапазонын кеңейту жұмысы Музыкалық-ырғақтық қимылдар: - қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау - музыканың табиғатына сәйкес қимылдарды өзгерту қабілеті. - би қимылдарын орындау - аяқтың ұшымен бірінен соң бірі жүгіру, ырғақта шапалақтау және ұру - ырғақты секірулермен жеңіл жүгіруді кезектестіру Билер: - би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. - биде ойын музыкалық әрекеттерін қолдану. - ән мен биді эмоционалды түрде орындай білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау. - фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. - музыкалық аспаптарда ойнау кезінде дыбысты дұрыс емдеу тәсілдерін меңгеру ансамбльде ойнауды үйрету Күтілетін нәтижие Музыканың сипатын (көңілді, мұңды, баяу, жылдам, қатты, ақырын) ажыратады; Таныс музыкалық шығармаларды біледі және тыңдағаннан кейін әсері туралы қарапайым пікір білдіреді; Музыканың мәнерлі құралдарын (ырғақ, темп, динамика) байқай алады; Тыңдалған музыканы талдап, ойын қысқаша жеткізе алады.
Ақпан	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен

		жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.Қимылды ойындар.Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Күтілетін нәтежие Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, өрмелеу, еңбектеу) дұрыс, еркін орындайды;Қимылды сенімді және үйлесімді орындайды, өз денесін басқара алады;Күш, төзімділік, ептілік, икемділік, жылдамдық сияқты дене сапалары дамиды
	Тіл дамыту	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Күтілетін нәтежие Фонематикалық естуі дамиды: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді естіп, ажырата алады және дұрыс атай алады;Заттар мен құбылыстардың атауларын дұрыс қолданады, олар туралы қарапайым сипаттама бере алады;
	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,жұмбақ шешу. Күтілетін нәтежие Көркем сөзді тыңдайды, түсінеді, мәнерлеп айтып бере алады;Халық ауыз әдебиеті үлгілерін (ертегі, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақ) ажырата алады, мазмұнын түсінеді Жұмбақтың жауабын таба алады, өзі де қарапайым жұмбақ құрастырып айтуға қызығушылық танытады;
	Қазақ тілі	Баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Қоршаған ортаға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып , баланың ой өрісін дамыту. Қоршаған туралы түсінік беріп, олар туралы әңгімелесу.Тілдік дамытушы орта: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [І] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Балаларға мамандықтардың түрлерін таныстыру түсініктерін молайту. Олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып өз бейіміне сәйкес мамандық тандай білуіне ықпал жасау. Кәсіп сөзін түсіндіру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, қызығушылығын ояту Тілдік дамытушы орта: Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [І] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Телефонның адамға пайдасы мен зияны туралы білімдерін нығайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ғ] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Сөздік қор: Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Балаларға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрету; ой – өрістерін, сана сезімдерінің тілдерін, шығармашылықтарын дамыту; жас ұрпаққа адам денсаулығының басты байлық екендігін түсіндіру. Денсаулық негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада дұрыс жүру екенін ұғындыру. Шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға, адамгершілік пен биік мәдениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген жан – жақты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу,Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән [Ғ] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Сөздік қор: Тақырыпқа байланысты тақпақтар жаттату. Күтілетін нәтежие Қоршаған орта, табиғат құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін кеңейтеді, сөйлеуде қолданады; Көрнекілікке сүйене отырып, табиғат пен қоғам туралы қарапайым түсініктерді айтып бере алады;
	Математика негіздері	<i>Сан, санау:</i> реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. <i>Шама:</i> енді-енсіз, биік-аласа. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). Тәулік бөліктері: олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтежие Балалар реттік сан есімдерді дұрыс айта алады, сандарды реті бойынша атай отырып, «нешінші?» деген сұраққа нақты жауап береді;Қорытынды санды анықтап, «барлығы қанша?» деген сұраққа дұрыс жауап беруге үйренеді;Екі затты ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыра алады, салыстыру нәтижесін сөйлеуде сын есімдерді (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, биік-аласа) қолдана отырып жеткізеді;

На vn	Қоршаған әлеммен таныстыру	Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, қыстайтын құстарды қоректендіру. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Жакындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. <i>Балалардың</i> жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен <i>нормаларын</i> меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту Күтілетін нәтежие алалар еңбек етуге оң көзқарас қалыптастырады, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйренеді; Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге ынтасы артады; Кезекшілік міндеттерін өз бетінше орындай алады: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелерді, майлықтарды және ас құралдарын ретімен қоюға дағдыланады;
	Құрастыру	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қораптар, конструкторлар. Балалар ұжымдық құрастыруға қызығушылық танытып, құрдастарымен бірге бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді; Күтілетін нәтежие Құрылыс жобасын бірге ойластырып, міндеттерді әділ бөлісуді меңгереді; Түрлі құрылымдық тәсілдерді қолданып, шығармашылықпен әрекет етеді;
	Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтежие Балалар сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға ынталанады, көп түске назар аударады; Пішін мен ою-өрнекті ескере отырып, элементтерді дұрыс орналастыруды меңгереді; Элементтердің бірізділігін және олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтауға дағдыланады; 2-3 элементті түсі мен пішіні бойынша ұлттық ою-өрнектер ретінде ашық түстермен кезектестіру қабілетін қалыптастырады;
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Күтілетін нәтежие Балалар бірнеше бөліктерден құралған заттарды мүсіндеуге үйренеді; Мүсіннің бөліктерін дұрыс орналастыру, пропорцияларды сақтау дағдылары қалыптасады; Бөліктерді біріктіру арқылы тұтас көлемді пішін жасау қабілеті дамиды;
	Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтежие Дайын пішіндерді (жануарлар, құстар, гүлдер) дәл және ұқыпты қию дағдылары дамиды; Қию арқылы алынған пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыру, композиция құру қабілеті қалыптасады; Қағазға жапсыру кезінде ұқыптылық пен дәлдікке үйренеді;
	Музыка	Музыка тыңдау: - әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау.- музыканы тыңдап, талдауға үйрету- музыкалық шығармаға эмоционалдық сипаттама беру- бірдей қарқынмен бірдей дыбыс қарқындылығымен ән айту; Ән айту: - дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, - дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету- ән айтуды би қимылдарымен ұштастыру.- балаларды жеңіл дыбыспен ән айта білуге жаттықтыру, тыныс алуын қадағалау Музыкалық-ырғақтық қимылдар: - жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. - марш екпініне адымдап жүру.- музыканың сүйемелдеуімен би қимылдарын жаттықтыру би қимылдарын орындаудағы әртістік шеберлік Билер: - би қимылдарын өзгерту- музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу пьесаның соңын белгілеу.- музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орында Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - балалар музыкалық аспаптарын тану және атау- түрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересек адамның ойынын тыңдау балаларды музыкалық аспаптарда ойнауға баулу музыкалық таяқшаларды ойнаудың амалдары Күтілетін нәтежие Балалар музыкалық шығармаларды тыңдап, оларды тануға және атауға дағдыланады; Музыканы тыңдау арқылы оның эмоционалдық сипатын сезіне біледі, шығарманы талдай алады; Ән айтуда дауыс диапазоны мен есту қабілеті дамиды, тыныс алуды дұрыс ұйымдастыруға үйренеді;
На vn	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен

		лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.Жалпы дамытушы жаттығулар.Аяққа арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтыңбақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.Қимылды ойындар.Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Күтілетін нәтиже Балалар дене қимылдарын үйлесімді орындай алады; Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, өрмелеу, лақтыру, қағып алу) меңгеріп, қауіпсіздік ережелерін сақтай біледі;
	Тіл дамыту	Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Балалар қазақ халқының қонақжайлық дәстүрлері (қонақты қарсы алу, төрге отырғызу, қонақ кәде, сыбаға, ас қайыру, бата беру, шығарып салу) туралы түсінік алады; Күтілетін нәтиже Берілген тақырып бойынша байланыстырып сөйлеу, өз ойын жеткізу дағдылары дамиды;Сөйлеу мәдениеті, үлкенге құрмет көрсету, әдептілік, сыпайылық жөніндегі ұғымдары қалыптасады;
	Көркем әдебиет	Шешендікке,сөз өнеріне баулу,халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ,жаңылтпаш айту,жұмбақ шешу айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. әдеби шығармалар,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді образын өздігінен сомдау Күтілетін нәтиже:Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін өз көзқарасын білдіреді.сахыналық қойылымдарға қатысады
	Қазақ тілі	Құстар,соның ішінде жыл құстары туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау.Құстар туралы жұмбақтар шешу арқылы қызығушылығын арттыру, құстарды қорғауға деген сезімін арттыруға жетелеу. Балаларға экологиялық тәрбие беру,яғни құстарды қорғауға, оларға тиіспеуге, ұя жасап қарсы алуға тәрбиелеу.Сөздік қор: Қоршаған ортадағы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге баулу.Қазақтың салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамыту, үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, қазақтың салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге баулу.Сөздік қор: Өзінің отбасының салт-дәстүрлері туралы айтуға баулу.Ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Наурыз айындағы мерекелердің мән мағынасын білу дағдыларын дамыту. Наурыз мерекесін өткізу дәстүрлерімен таныстыру.Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу.Сөздік қор: Санамақтар жаттату. Күтілетін нәтиже Құстардың түрлерін (жыл құстары, үй құстары) ажырата алады, олардың тіршілігі жайлы әңгімелеп бере алады;Құстарға қамқорлықпен қарау керектігін түсінеді, экологиялық тәрбие элементтерін меңгереді;Құстар туралы жұмбақтарды шешіп, сөздік қорын кеңейтеді, өз ойын байланыстырып жеткізе алады;
	Математика негіздері	<i>Сан санау:</i> Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыра алады;Теңдік және теңсіздік туралы бастапқы ұғымдарды меңгереді;Тең ұғымын екі тәсілмен (артық топтан затты алып тастау, кем топқа затты қосу) түсінеді және қолдана алады;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін

		ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже Қоршаған ортада болып жатқан жағдайларды байқай алады, оған өз көзқарасын білдіреді; Достарына жанашырлық танытып, өзара көмек көрсетуге дайын екенін көрсетеді;Ренжіткен кезде кешірім сұрауды біледі, жағымсыз әрекеті үшін ұялу сезімін танытады;
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Күтілетін нәтиже Қазақ халқының ұлттық тұрмыстық бұйымдарын (ер-тұрман, киіз үй жабдықтары, әшекей бұйымдары, ыдыс-аяқтар т.б.) таниды, олардың атауларын атай алады;Бұйымдардың қандай табиғи материалдардан (ағаш, тері, киіз, сүйек, металл т.б.) жасалғанын түсінеді;
	Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтері: «қошқар мүйіз», «қой ізі», «бота мойын», «ботакөз»,суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Күтілетін нәтиже Дөңгелек, сопақ, шаршы және үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен танысады және оларды суретте қолдана біледі;Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің қарапайым элементтерімен (қошқар мүйіз, қой ізі, бота мойын, ботакөз) танысады және оларды ажырата алады;
	Мүсіндеу	қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Күтілетін нәтиже Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, келі, астау, кесе, күбі, саптыаяқ, орақ, диірмен т.б.) танысады, олардың атауы мен қолдану мақсатын біледі; Көрген және тыңдаған зат бейнесін елестетіп, сазбалшықтан, ермексаздан немесе басқа материалдан мүсіндеу арқылы бейнелейді;
	Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже Ою-өрнек элементтерінің (қошқар мүйіз, өсімдік пішіндері, геометриялық фигуралар) қайталану ретін, бірізділігін сақтай отырып жапсыруды орындайды; Ою-өрнек элементтерінің арақашықтығын дұрыс орналастырады, симметрия мен үйлесімділікке мән береді;
	Музыка	Музыка тыңдау: - жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен)- әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу- қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау- әннің мазмұның әңгімелеу Ән айту: - ән сипатын ұғыну,әннің көңіл күйін бере білу- әуеннің спазмодикалық және прогрессивті қарқынын дауыспен жеткізе білу.- ән айтуда әртүрлі көңіл-күйді жеткізе білу- әуеннің ырғақ үлгісін дұрыс айтуМузыкалық-ырғақтық қимылдар: - музыканың ырғағын дәл бере отырып,қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. музыкалық есте сақтауды дамыту: таныс биді үйрену және орындау; би қимылдарының атауларын білу музыканың табиғатына сәйкес қимылдарды өзгерту.Билер: шеңбер бойымен ән айтып жүру музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау би қимылдарын,билерді есте сақтаужұптасып билей білу Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау түрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересек адамның ойынын тыңдау. музыкалық аспаптарда бірге ойнауды үйренуПьесаны фортепиано мен үшбұрышта орындау Күтілетін нәтиже Жоғары және төмен дыбыстарды (секста, септима шегінде) ажырата алады;Тыңдалған музыканың мазмұнын әңгімелей алады, ән мазмұнына сай эмоциясын білдіреді;Домбыра, асатаяқ, сазсырнай, сылдырмақ сияқты қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарының дауысын ажыратады, атын атай алады;
Сәуір	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; - ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.Жалпы дамытушы жаттығулар.Аяққа арналған жаттығулар.Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның

		үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.Қимылды ойындар.Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.Дербес қимыл белсенділігі.Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Күтілетін нәтиже Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу) дұрыс және еркін орындай алады;Жалпы дамыту жаттығуларын (аяқ, қол, дене жаттығулары) педагогтің көрсетуімен өз бетінше орындайды; Аяққа арналған арнайы жаттығуларды (өкшемен жүру, аяқ ұшына көтерілу, жіпті жинау, жартылай отыру, т.б.) дәл және белсенді орындап, қимыл дәлдігін, тепе-теңдікті сақтайды;
	Тіл дамыту	Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. Күтілетін нәтиже Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздерді (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) біледі және сол топқа жататын заттарды атай алады;Тұрмыстық электротехника және ұлттық тұрмыстық заттардың (мысалы: үтік, шаңсорғыш, келі, астау, ожау, т.б.) атауларын біледі және оларды дұрыс қолданады;
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру Күтілетін нәтиже Сахналық шеберлік:Таныс әдеби шығармалар мен ертегілердің мазмұнын түсінеді, негізгі кейіпкерлерді ажыратады;Қарапайым сахналық қойылымдарға белсенді қатысады, диалогтарды жаттап, өз рөлін орындай алады;
	Қазақ тілі	Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Өз ойларын толық жеткізіп, әңгімелеу дағдыларын пысықтау.Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп қолдана білуді үйрету Сөздік қор: Жаңылтпаштар жаттату.Жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Жерге қамқорлық жасау қарым-қатынастарын дамыту. Жерді қадірлеуге тәрбиелеу.Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді тәуелдеп қолдана білуді үйрету.Сөздік қор: Жұмбақтар шешкізу.Табиғаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу. Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. Табиғаттағы тіршілік, көктемгі ағаштар туралы білімдерін кеңейту.Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септеп қолдана білуді үйрету.Сөздік қор: Санамақтар жаттату.Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу. Әңгімені тыңдай, әңгімелей білуге, дағдыларын дамыту. Қазақстан көп ұлтты мемлекет екенін үйрету.Байланыстырып сөйлеу: Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға баулу. Күтілетін нәтиже Ғарыш әлемі және табиғат туралы түсінік:Балалар ғарыш әлемінің негізгі құпиялары мен ғарышкерлердің рөлін түсінеді, оларға құрметпен қарайды;Жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсініп, оны қорғау қажеттілігіне саналы түрде бағынады;
	Математика негіздері	<i>Сан санау:</i> 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Геометриялық фигураларды төртбұрыш және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Күтілетін нәтиже Сан санау дағдылары:Балалар 1-ден 5-ке дейін тура және кері санауды меңгереді;Санатты дұрыс пайдалана отырып, заттарды санау және есептеу дағдыларын дамытады.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже Өсімдіктерге күтім жасау дағдылары:Балалар жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту сияқты өсімдіктерге күтім жасауды меңгереді;Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау қажеттілігін түсінеді

		және тәжірибеде қолданады.
	Құрастыру	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже Балалар құрылыс бөлшектеріне ұқыпты қарап, оларды ойнап болған соң жинап, орнына қоя алады;Құрастыру процесінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады;
	Сурет салу	Балаларды «қызғалдақ», «ирек», «су» суретін салу кезінде еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтиже Балалар сурет салу кезінде арқаларын тік ұстап, еңкеймей дұрыс және еркін отыра алады; Жұмыс орнын таза ұстауға және ұқыптылыққа үйренеді;Қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
	Мүсіндеу	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже Балалар дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндерінен бірнеше бөліктерді бөліп алып, оларды дұрыс орналастыра алады;Мүсіндеу барысында бөлшектердің пропорцияларын сақтайды және үйлесімді біріктіреді;Қауіпсіздік ережелерін біледі және оларды қатаң сақтайды;
	Жапсыру	Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау Күтілетін нәтиже Балалар дайын пішіндерді қолданып немесе өз бетінше ойдан қиып, композицияны құрастыра алады;Шығармашылық қиялы дамып, әртүрлі материалдар мен пішіндерді үйлесімді қолдануды үйренеді;Жапсыру жұмыстарын ұқыптылықпен, сабырлы орындауға дағдыланады;
	Музыка	Музыка тыңдау: - пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау - тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу- шығарманың бөліктерін ажырату, музыканың сипатын анықтау.- жан-жақты музыканы тыңдауға эмоционалды жауап беруӘн айту:- дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру- дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету.- әуезді, еркелетіп ән айту, үлкендердің дауысына бейімделу - айқайламай табиғи дауыспен ән айту, басқа балалардың әнін тыңдауМузыкалық-ырғақтық қимылдар: -әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, -музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру би қимылдарын,билерді, ойындарды есте сақтау-музыканы тыңдау, салыстыру және мінезіне қарай ажырата білуБилер:- би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен ептілік таныту- би жанрларын естіп, ажырата білуге үйрету- әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау- музыканың сипатына сәйкес би әрекеттерін орындау.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау.- әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу- шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнау;- аспаптардың тембрін ажырата білу Күтілетін нәтиже Балалар музыканы тыңдау барысында пьесалардың және әндердің жекелеген эпизодтарын анықтап, музыкалық бейнелердің арақатынасын түсініп, атауды үйренеді;Музыкалық иллюстрациялармен бірге тыңдап, шығарманың бөліктерін ажырата алады, музыканың сипатын сезініп, эмоционалды жауап береді;
Мамыр	Дене тәрбиесі	- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;- негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.Жалпы дамытушы жаттығулар.Аяққа арналған жаттығулар.Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.Қимылды ойындар.Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Күтілетін нәтиже Балалардың денесі үйлесімді дамып, спорттық және қимылды ойындарға деген қызығушылығы артады;Күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік секілді дене сапалары қалыптасады;Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу) сенімді әрі дұрыс орындай алады;

	Тіл дамыту	Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Күтілетін нәтиже Балалар сөйлемдегі сөздерді дұрыс және логикалық байланыстыра алады;көмекші сөздерді орынды және дұрыс қолдануға дағдыланады;Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айыра біледі және дұрыс қолданады; Сан есімдерді ретімен айта алады және оларды зат есімдермен бірге септік жалғауларында дұрыс қолданады;
	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтиже Тыңдалған шығарманың мазмұнын өз сөздерімен қайталап айта алады;Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа дұрыс және мәнерлеп айта алады;Өлеңдерді және тақпақтарды шығарманың мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонациямен, үзілістер мен логикалық екпіндерді қолдана отырып орындайды;
	Қазақ тілі	Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтау және нығайтуға, өз Отанын сүюге, еліміздің саясатын қолдауға, ерлікке, интернационализмге тәрбиелеу; оқушыларды адамгершілік, бауырластық, отансүйгіштік қасиеттерге баулу.Тілдік дамытушы орта: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүйюге, қамқор бола білуге, табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге сурет көрінісін әңгімелеп, бейнелей білуге үйрету.Сөздік қор: Қоршаған ортадағы өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.Үлкендердің еңбектері туралы балалардың түсініктерін әрі қарай дамыту.Ауыл - шаруашылық өнімдерінің түрлері,оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы мағұлматтар беру.Еңбексүйгіштікке баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.Сөздік қор: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атуларын қалыптастыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.Балаларды әр жыл мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға жаз мезгіліне байланысты жұмбақтар жасыру, тақпақтар, мақал-мәтелдер айту арқылы сөздік қорларын молайтып, ой–өрісін, тілдерін дамыту. Балаларды табиғатқа қамқорлықпен қарап қорғауға тәрбиелеуТілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.Байланыстырып сөйлеу: Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже Жас ұрпақ бейбітшілік пен интернационализмді құрметтеп, өз Отанын сүюге тәрбиеленеді;Оқушылар адамгершілік, бауырластық және отансүйгіштік қасиеттерін бойына сіңіреді;Ұжымдық әңгімеге белсенді қатысып, кезекпен сөйлеу және әңгімелесушінің сөзін бөлмеу дағдыларын меңгереді;
	Математика негіздері	Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Күтілетін нәтиже Балалар сөйлеуде сын есімдерді дұрыс қолданып, заттарды салыстыруда нәтижелерді айта алады (мысалы: жоғары – төмен, қалың – жұқа, ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең);Заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру әрекетін орындай алады;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау Күтілетін нәтиже Балалар Отан қорғаушылар мен Қазақстан Республикасының әскері туралы негізгі ұғымдарды меңгереді;Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиеленеді, елін қадірлеу сезімі қалыптасады; Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің, әсіресе диқанның еңбегі туралы түсінік дамиды; Қала мен ауылдың байланысын түсініп, нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауды үйренеді;

Құрастыру	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру Күтілетін нәтиже Балалар пластиналарды тігінен, кірпіштер мен бөлшектерді көлденеңінен орналастыру тәсілдерін меңгереді; Құрастыруда қолданылған құрылыс бөлшектерін (текше, пластина, кірпіш, блок) ажыратып, дұрыс атай алады;
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту Күтілетін нәтиже: Табиғаттағы әсемдікті байқай алады (жыл мезгілдері, өсімдіктер, жануарлар әлемі т.б.); Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылығы оянады; Киіз үйдің құрылымы мен бөліктерін таниды (шаңырақ, уық, кереге, т.б.); Сәндік-қолданбалы өнерге эстетикалық талғамы дамиды;
Мүсіндеу	Сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, мүсіндеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар сазбалшық және пластикалық кесектерді дұрыс пайдаланып, түрлі әдістермен мүсін жасау дағдыларын меңгереді; Өз ойларын, көркем идеяларын пластика мен сазбалшық арқылы нақты бейнелей алады; Мүсін өнеріне деген қызығушылығы артады, қолөнердің түрлі түрлерін таниды; Мүсіндеу процесі арқылы оқушылардың дәлдік, шыдамдылық және еңбекке деген жауапкершілігі артады; Мүсіннің көркемдік мәнін түсініп, эстетикалық көзқарасы қалыптасады;
Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Күтілетін нәтиже Балалар қоршаған ортаның әсемдігін байқауға және оны суреттеуге ынталы болады; Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, оның ішінде киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға деген қызығушылықтары артады;
Музыка	Музыка тыңдау: - музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, - тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, - музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: - қимылдарды көрсетумен тыңдауды сүйемелдейтін музыкалық бейне мен моторлық тәжірибені корреляциялау қабілеті. - музыканы тыңдау, салыстыру және мінезіне қарай ажырата білу, ол туралы бейнелеп айту қабілеттерін дамыту; - музыкамен қарым-қатынас жасау арқылы балалардың өміріне қуаныш сезімін енгіз- музыкадағы динамикалық нюанстарды тыңдау Музыкалық-ырғақтық қимылдар: әнді бір уақытта бастап, бір мезгілде аяқтай білу, әуенді дұрыс жеткізу, соңын мұқият әндету. интонацияны, анық дикцияны тазалау қабілеті қазақ және орыс тілдерінде ән айту шеберлігі таза интонация, жақсы үйлестірілген ансамбльдік орындау Билер: - Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру «Қамажай» биін үйрету - еліктеу қимылдарын орындау. - үйренген материалды ойын әрекетінде пайдалану. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: - шулы оркестрге қатысу, балалардың музыкалық аспаптарын танып, атай білу. балалардың музыкалық аспаптарында үйлесімді, ырғақты ойнау. - музыкалық аспаптарда ойнау әдісі - музыкалық аспаптарда ойнауға қызығушылықтарын арттыру Күтілетін нәтижелер: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды Күтілетін нәтиже Балалар музыканың сипатын сезіне біледі, тыңдалған шығармаларды таниды және олар туралы әсерлерін сөзбен жеткізе алады Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын (ақырын, қатты, баяу, жылдам т.б.) байқауға үйренеді; Ән айту кезінде интонацияны, анық дикцияны және таза дауысты қолданады; Қазақ және орыс тілдерінде ән айтуды меңгереді, ансамбльдік орындауда үйлесімділікке ұмтылады;